



Серіктестерге қызмет көрсету шарты

Осы Серіктестерге қызмет көрсету шарты – бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында және 38-тарауында көзделген тәртіппен жасалатын қосылу шарты.

1. Терминдер мен анықтамалар

- 1.1. Call Center – Серіктестерден телефон қоңыраулары мен хаттар қабылдайтын және өңдейтін, Kaspi-дің өнімдері мен қызметтері туралы хабарлайтын және Серіктеске қызмет көрсету үшін Kaspi айқындайтын өзге функцияларды атқаратын Kaspi-дің бөлімшесі немесе қызметі;
- 1.2. Kaspi Pay – «Онлайн платформада» Серіктестерге қызмет көрсету бағдарламасы;
- 1.3. Kaspi – «Kaspi Bank» АҚ;
- 1.4. Үзінді көшірме – Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен Серіктеске жіберілетін таңдалған кезеңде Шот бойынша жүргізілген Операциялар туралы ақпарат;
- 1.5. Серіктестерге БҚКШ – осы Серіктестерге қызмет көрсету шарты, оның талаптары Сайтта жарияланған және Серіктес ұсынылған шартқа толығымен қосылу арқылы оларды қабылдай алады;
- 1.6. Қосылуға өтініш – Kaspi бекіткен нысан бойынша жасалған, Серіктес электрондық түрде және/немесе қағаз жеткізгіште беретін, Серіктестерге БҚКШ-ға қосылуға Серіктестің келісімі жазылған өтініш;
- 1.7. Байланыс арнасы – Серіктес/Пайдаланушы/Kaspi пайдаланатын телекоммуникациялар желісі, оған электрондық пошта (email), пошталық байланыс, Мессенджер бойынша хабар, Мобильді қосымшадағы хабар, мобильді банкинг, SMS-хабар, Мобильді қосымша және/немесе Жеке кабинет арқылы Push-хабарламалар, телефон, факс, электрондық терминалдар, Интернет және ҚР заңнамасына сай байланыс арнасы болып табылатын басқа да байланыс арналары;
- 1.8. Клиент – Kaspi-мен кез келген банктік шарт жасасқан тұлға;
- 1.9. Жеке кабинет – Электрондық қызмет алу үшін Интернет желісінде қорғалған Байланыс арнасы бойынша қолжетімді болатын Сайттағы/Мобильді қосымшадағы ақпараттық бөлім;
- 1.10. Мессенджер – Серіктестерге БҚКШ-ны орындаған кезде ақпаратпен алмасу мақсатында Тараптар пайдаланатын, хабарлармен алмасуға арналған бағдарлама немесе қосымша;
- 1.11. Мобильді қосымша – авторизациядан өтуге және электрондық түрде Қызмет пен ақпарат алуға арналған Kaspi-дің бағдарламалық қамсыздандыруы;
- 1.12. Онлайн платформа – Электрондық қызмет көрсетуді және Серіктестердің және/немесе Клиенттердің ақпарат алуын қамтамасыз ететін Интернет желісіндегі/Сайттағы, Мобильді қосымшадағы www.kaspi.kz/business сайты;
- 1.13. Операциялық күн – төлем қызметтерін, нұсқауларды орындауды тоқтату туралы немесе осындай нұсқауларды кері қайтару туралы өкімдерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылатын Kaspi-де белгіленген уақыт кезеңі;
- 1.14. Операция – Шоттарда көрсетілуі тиіс кез келген операция (транзакция), аударымдар мен төлемдер; Шоттардан есептелген төлемдерді, комиссия мен сыйақыны есептен шығару операциялары, қолма-қол ақша алу, Шотты толықтыру, валюта айырбастау, соның ішінде Серіктестің Шоттарында көрсетілуі тиіс басқа да операциялар;
- 1.15. Серіктес – Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Серіктестерге БҚКШ жасасқан және Kaspi-дің Клиенті болып табылатын тұлға;
- 1.16. Төлем қызметі – Шотты пайдаланып, төлем және (немесе) ақша аударымын қабылдау және жасау қызметі, сондай-ақ Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшаларында көзделген қызметтер;
- 1.17. ҚЖ/ТҚҚ – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың аясында Kaspi-дің клиенттеріне қызмет көрсеткен кезде Kaspi жүргізетін іс-шаралар кешені;
- 1.18. Пайдаланушы – Серіктес айқындаған, Жеке кабинетке қолжетімділігі бар мобильді телефон иесі;
- 1.19. Қосымша – осы Серіктестерге БҚКШ-ның жеке қызмет көрсету тәртібі мен талаптары жазылған ажырамас бөлігі;
- 1.20. Тіркеу – Kaspi Pay-де Логинді және Құпиясөзді енгізу арқылы Жеке кабинетке қолжетімділік алуға бағытталған Серіктестің әрекеттерінің кешені;
- 1.21. Сайт – www.kaspi.kz/business, www.kaspibank.kz, www.kaspi.kz интернет-ресурсы немесе өзге интернет-ресурс, Kaspi-дің ресми интернет-ресурсы ретінде оған сілтеме www.kaspibank.kz сайтында келтірілген;
- 1.22. Даулы жағдай – төлем қызметін көрсеткен кезде төлемнің ықтимал рұқсат етілмеуіне байланысты немесе төлем қызметінің тиісінше көрсетілмеуіне қатысты өзге мәселелерге байланысты туындайтын жағдай;
- 1.23. Шот – Серіктестің Kaspi-де ашылған банктік шот(-тары);
- 1.24. Тарифтік жоспар – комиссиялардың мөлшері және құнын айқындау арқылы Қызмет көрсету тәртібі кіретін Қызмет көрсету талаптары мен тізбесі туралы мәліметтер жиынтығы;
- 1.25. Тарифтер – Қызметтер үшін Kaspi-дің уәкілетті органы бекіткен тарифтері;

1.26. Нұсқау – Пайдаланушының төлем құжатын беру арқылы төлем және/немесе ақша аударымын жасау туралы Kaspi-ге өкімі;

1.27. Қызмет – банктік қызмет, төлем қызметтері, электрондық банктік қызметтер және Серіктестерге БҚКШ-да және Қосымшаларда көзделген Kaspi-дің өзге қызметтері;

1.28. Kaspi экожүйесі – Kaspi сервистерінің, өнімдері мен инфрақұрылымының жиынтығы, соның ішінде шоттарды ашу, төлемдер мен аударымдар жасау, бөлімшелер, кассалар, терминалдар, банкоматтар, өзге жабдық, Kaspi.kz сайты, Kaspi.kz мобильді қосымшасы және өзге бағдарламалық қамсыздандыру, Kaspi төлем карталары, Call Center-де қызмет көрсету және электрондық ақпараттық және транзакциялық қызмет көрсетуді қосқанда, Шарт бойынша қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін өзге құралдар (бөлек немесе жиынтығында);

1.29. Электрондық қызмет – төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын, банктік шотты пайдаланып, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жасауға және банктік операциялардың басқа түрлерін жасауға байланысты электрондық қызметтер.

Серіктестерге БҚКШ-ның осы бабында көрсетілмеген өзге терминдер мен анықтамалар осы Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшаларында анықталуы мүмкін. Қосымшаларда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар тиісті Қосымшаларға сай туындайтын қарым-қатынастарға қолданылады.

2. Серіктестерге БҚКШ-ны жасасу тәртібі және жалпы талаптары

2.1. Kaspi Серіктестерге БҚКШ-ға және Қосымшаларға сай Қызмет көрсетеді, ал Серіктес оның ақысын төлеуге міндеттенеді.

2.2. Kaspi Қызметті, егер Қосымшада өзгесі көзделмесе, Операциялық күннің ішінде көрсетеді.

2.3. Жеке Қызмет көрсету тәртібі мен талаптары Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшаларында айқындалады. Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшаларында айқындалған Қызметтерді тиісті Қосымша Сайтқа орналастырылған сәттен бастап Kaspi көрсете бастайды және қолжетімді болады. Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшалары олар Сайтқа орналастырылған сәттен бастап Серіктестерге БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болады.

2.4. Операциялар бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қосымшаларға сай электрондық төлем құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады және төлем құжаттары электрондық нысанда ресімделеді. Төлем қызметтері Kaspi-дің қалауы бойынша және мұндай мүмкіндік болған кезде Серіктес ұсынған қағаз жеткізгіштердің негізінде көрсетілуі мүмкін. Серіктес төлем құжаттарын қағаз жеткізгіште берген жағдайда, Kaspi Операцияларды жасаудан бас тартуға құқылы.

2.5. Kaspi белгілеген нысан бойынша Қосылуға өтінішке Серіктестің қол қоюы Серіктестерге БҚКШ-ға қосылуын растайтын әрекет (Акцепт) болып табылады. Серіктестерге БҚКШ бойынша қызмет құны Жеке кабинетте және/немесе Сайтта назарға жеткізіледі. Өтінішке қол қойған және/немесе Серіктестерге БҚКШ-ны жасасқан сәтте Тарифтік жоспарларға сай ең төменгі пакеті бар Тарифтік жоспар бапталуы бойынша белгіленеді. Өзге Тарифтік жоспар Өтініште көрсетіледі. Серіктестерге БҚКШ-ның қосымшаларында соның ішінде Серіктестерге БҚКШ-ға қосылуды растайтын өзге әрекеттер көзделуі мүмкін.

2.6. Kaspi Серіктес қол қойған Қосылуға өтінішті алған сәттен бастап Серіктестерге БҚКШ жасалған болып саналады. Банк акцептті растау мақсатында Қосылуға өтініште көрсетілген Мобильді нөмірге Серіктеске қосымша SMS хабар жіберуге және/немесе қос факторлық бірдейлендіруден өту рәсімін қолдануға (техникалық мүмкіндік бар болса) құқылы. Қосымша бойынша Қызмет көрсетуді бастау Серіктестерге БҚКШ-ның тиісті Қосымшасына сай жүзеге асырылады.

2.7. Қосылуға өтініштің күні мен нөмірі сонымен бірге Серіктестерге БҚКШ-ның күні мен нөмірі болады.

2.8. Шот бойынша үзінді көшірме Жеке кабинетте және/немесе Мобильді қосымшада электрондық түрде Серіктеске беріледі. Қағаз жеткізгіштегі үзінді көшірме Серіктеске жазбаша сұрату бойынша беріледі. Қағаз жеткізгіштегі үзінді көшірме Қосылуға өтініште көрсетілген мекенжайға пошталық байланыс арқылы немесе оны Серіктестің өкілінің қолы табыстау арқылы жеткізіледі.

2.9. Үзінді көшірме Kaspi белгілеген нысан бойынша беріледі.

2.10. Тарифтік жоспарды ауыстыру төмендегі тәсілдердің бірімен (Kaspi-де техникалық мүмкіндік болған кезде):

1) Жеке кабинетте әрекеттер жасау;

2) Серіктестің Kaspi-дің бөлімшесіне баруы, соның ішінде Тарифтік жоспарды өзгертуге келісімді растайтын құжаттарға қол қоюы;

3) Қосылуға өтініште көрсетілген электрондық мекенжайдан business@kaspi.kz мекенжайына электрондық хат жіберу;

4) Ұялы телефоннан 2323 нөміріне (Қазақстан бойынша тегін) «толық қолжетімділігі» бар Пайдаланушының телефон соғуы арқылы жүзеге асырылады.

2.11. Серіктестің бастамасымен Тарифтік жоспарды өзгерту әрекеттері жасалған жағдайда, Тарифтік жоспар Тарифтік жоспарды өзгерту әрекеттері жасалған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қолданылады.

2.12. Барлық сұратулар, өтініштер, соның ішінде валюталық операциялармен байланысты, БҚКШ-ны орындауға байланысты өтініштер Серіктестен Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген электрондық мекенжайдан және/немесе мобильді нөмірді пайдаланып, Мессенджермен Kaspi-дің business@kaspi.kz электрондық мекенжайына және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген Kaspi-дің Мессенджеріне электрондық түрде беріледі, Kaspi құжаттарды қағаз жеткізгіште беруді талап етуге құқылы.

2.13. Серіктестерге БҚКШ-ға қосылған сәтте Серіктестерге БҚКШ-да, Тарифтерде көзделмеген жаңа қосымша ақылы Қызметтер, соның ішінде Электрондық қызметтер Серіктеске ол осындай қызметті алуға Серіктестің келісімін растайтын әрекеттерді (конклюденттік әрекеттер) жасаған кезде көрсетіледі. Қосымша ақылы қызметтерді алу әрекеттері жасалған сәттен бастап, Серіктес пен Kaspi-дің арасындағы қарым-қатынас

Серіктестерге БҚКШ-ның ережелерімен реттеледі, соның ішінде Серіктес қызметтің осы түрі үшін белгіленген Тарифтерге сәйкес олардың ақысын төлейді.

2.14. Kaspi өзінің Серіктестерінің бенефициар меншік иелерін анықтайды және оларды сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркейді. Kaspi бұл іс-шараларды Серіктестерге толтыру үшін арнайы сауалнамалар беру арқылы және Серіктестерден КЖ/ТҚҚ-ға сәйкес сауалнамаларда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды сұрату арқылы жүргізеді.

2.15. Шетел валютасымен жасалатын барлық операциялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында және Серіктестерге БҚКШ-да белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2.16. Барлық хабарламаларды және Қосылуға өтініште көрсетілген Серіктестің электрондық поштасының мекенжайынан немесе мобильді нөмірді пайдаланып, Мессенджерден, ал ол өзгерген жағдайда – Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен Kaspi-ге хабарланған мекенжайдан, мобильді нөмірді пайдаланып, Мессенджерден Kaspi-дің алатын кез келген ақпаратын Серіктес жіберген және оның органдары (қажет болған кезде) оған рұқсат берген болып саналады.

2.17. Шартты орындаған кезде Тараптардың ЭЦҚ-ны қолдануының түрі, тәртібі және пайдалануының құқықтық салдары Интернет желісінде <https://kaspi.kz/guide> мекенжайында орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ Күәландырушы орталығының Регламентінде айқындалған.

2.18. Серіктес Қосылуға өтінішке қол қоя отырып және/немесе Серіктестерге БҚКШ бойынша Kaspi-дің қызметтерін пайдаланған кезде Kaspi-ге дербес деректерді, соның ішінде банк құпиясын құрайтын деректерді, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, деректерді өңдеудің бұлттық және өзге технологиялары қызметтерін, өзге қызметтерді көрсететін үшінші тұлғаларға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына:

- 1) Шартты орындау;
- 2) төлемдердің/ақша аударымдарының қатысушыларына төлем құжаттарының деректемелерін ұсыну;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мақсатында беруге, жинауға, өңдеуге, трансшекаралық беруге өз келісімін береді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Kaspi:

3.1.1. Шот бойынша Операциялар жүргізу үшін, Kaspi-дің валюталық бақылау жүргізуі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы, сондай-ақ ForeignAccountTaxCompliance (бұдан әрі – FATCA) талаптарына, заңнамаға және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Серіктестің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін қажетті кез келген құжатты және ақпаратты Серіктестен сұратуға;

3.1.2. Серіктестің жазбаша келісімінсіз Серіктестерге БҚКШ мен Қосымшалар бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруге;

3.1.3. Серіктестің Kaspi-ге аударуға тиіс ақшасын, соның ішінде Серіктестердің өтініштері бойынша Kaspi-ге аударылуға тиіс ақшаны, сондай-ақ Серіктестердің БҚКШ бойынша Kaspi алдындағы берешек сомасын акцептсіз тәртіппен/тікелей дебеттеу арқылы алуға (есептен шығаруға);

3.1.4. Серіктестерге БҚКШ-ның және Серіктестерге БҚКШ-ның аясында жасалған және ресімделген Қосымшалардың талаптары бұзылған жағдайда, Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысын кез келген мерзімге тоқтата тұруға және/немесе Серіктестерге БҚКШ-ны және/немесе Серіктестерге БҚКШ-ның аясында жасалған шарттарды бұзуға;

3.1.5. Kaspi-де алаяқтық операцияларға, Серіктеске және/немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлғаға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық санкцияларды, тыйымдарды, шектеулерді қолдануға күдігі болған кезде, Серіктеске хабарламай, мән-жайлар анықталғанға дейін Операцияларды бұғаттауға;

3.1.6. Кейіннен Серіктеске осындай есептен шығару туралы хабарлап, Серіктестің Шотынан оның келісімінсіз рұқсат етілмеген төлемдердің сомасын есептен шығаруға;

3.1.7. Серіктестен Қазақстан Республикасының заңнамасының және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өзге құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

3.1.8. Техникалық мүмкіндік болған кезде Серіктеске заңнаманың талаптарына сәйкес Серіктестерге БҚКШ-ның тиісті Қосымшасында айқындалған тәртіппен және ондағы негіздер бойынша қашықтан банктік шот ашу бойынша Электрондық қызмет көрсетуге;

3.1.9. Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын тиісінше орындамағаны үшін заңнамада айқындалған тұрақсыздық айыбын (заңды тұрақсыздық айыбын) төлеуін талап етуге;

3.1.10. Серіктестерге БҚКШ-да көзделген жағдайларда Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын өзгертуге;

3.1.11. Мына жағдайларда:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында, Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде Kaspi-ге сұратылған құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбаған кезде;
- егер Серіктес және (немесе) онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық санкциялардың, тыйымдардың, шектеулердің және (немесе) санкциялық элементпен, оның ішінде санкциялық тауарлармен/көрсетілетін қызметтермен өзге де байланысы болса, сондай-ақ халықаралық санкцияларды бұзудың ықтимал қаупі болған жағдайда,

Серіктеске Операция жүргізуден бас тартуға және (немесе) тоқтата тұруға, Серіктеспен іскерлік қатынастарды бұзуға және Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысын тоқтатуға;

3.1.12. Kaspi-дің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы мақсатында Операциялар жасау үшін Kaspi-геKaspi-ге ұсынылған кез келген деректі алу, тексеру/қайта тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген әрекет пен іс-шараларды жүзеге асыруға;

3.1.13. Серіктестерге БҚКШ бойынша ұсталатын бір немесе бірнеше комиссияны Серіктес төлеген кезде, Kaspi-дің ұсынған жеңілдіктерін және/немесе шегерімдерін өз қалауы бойынша алып тастауға;

3.1.14. Серіктеске/Пайдаланушыға Push-хабарламалар және/немесе СМС-хабарлар және/немесе Мессенджерлер арқылы Шоттар бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар туралы хабарламаларды өз қалауы бойынша беруге/оларды жолдауды алып тастауға **құқылы**.

3.1.15. Төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде Kaspi Kaspi-дің ішкі баланстық (соның ішінде транзиттік) шоттарын, жиынтық төлем тапсырмасын және (немесе) заңнамада немесе Kaspi-де көзделген өзге төлем құжаттарын пайдалануға **құқылы**.

3.2. Kaspi:

3.2.1. Серіктеске жалпыға қолжетімді ақпаратты және Серіктестерге БҚКШ мен оның Қосымшаларының аясында қызмет көрсетуге қажетті, банктік және өзге құпия жазылмаған құжаттарды беруге;

3.2.2. Серіктеске Серіктестерге БҚКШ мен Қосымшаларда, заңнамада және тәжірибеде қолданылатын іскерлік айналым дәстүрінде көзделген өзге банктік қызметтерді көрсетуге **міндеттенеді**.

3.3. Серіктес:

3.3.1. Серіктестерге БҚКШ-да және Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшаларында көзделген құқықтарын жүзеге асыруға;

3.3.2. Үзінді көшірмелерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестерге БҚКШ-да көзделген өзге ақпаратты сұратуға **құқылы**.

3.4. Серіктес:

3.4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Kaspi-дің ішкі құжаттарында айқындалатын Шот ашуға және жүргізуге қажетті барлық құжатты Kaspi-ге беруге;

3.4.2. Өзінің пошталық мекенжайының, электрондық поштасының мекенжайының, телефон нөмірлерінің өзгергені, жеке куәлігін (жеке кәсіпкерлер үшін) ауыстырғаны, уәкілетті мемлекеттік органда (заңды тұлғалар үшін) қайта тіркелгені, тіркелгені (қайта ұйымдастырылған кезде) туралы, Kaspi-ге ұсынылған басқа деректерінің өзгергені туралы Kaspi-ге тиісінше куәландырылған растайтын құжаттарды ұсына отырып, бес күндік мерзім ішінде Байланыс арналары бойынша жазбаша түрде немесе электрондық түрде (техникалық мүмкіндік болған кезде) хабарлауға міндеттенеді. Шот ашу және жүргізу үшін Серіктестің бұрын ұсынған құжаттарын Kaspi қайтармайды;

3.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шотқа қате есептелген ақшаны қате есептелген ақшаның мөлшерінде Kaspi-ге қайтаруға;

3.4.4. Kaspi-дің Қызмет ақысын уақтылы төлеуге;

3.4.5. Операциялар жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын, соның ішінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауға;

3.4.6. Серіктестің кінәсінен Kaspi-ге келтірілген шығыстар мен сот шығасыларын Kaspi-ге келтірілген залал көлемінде толық өтеуге;

3.4.7. Серіктестерге БҚКШ-ның талаптары мен оның Қосымшаларын тиісінше орындауға;

3.4.8. Сайтта орналастырылған, Серіктестерге БҚКШ-да және Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшаларында сілтемелері келтірілген құжаттарда белгіленген ережелерді сақтауға;

3.4.9. Серіктестің жүзеге асыратын қызметі лицензиялануы тиіс болған жағдайда, лицензияның нөмірі және қолданылу мерзімі туралы, сондай-ақ оны берген орган туралы ақпаратты беруге;

3.4.10. Kaspi-ге оның валюталық бақылау жүргізу, Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында, сондай-ақ FATCA талаптарына сәйкес, соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Серіктестің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін сұратқан кез келген құжатты және ақпаратты беруге;

3.4.11. Kaspi-дің талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес негіздеуші және Операцияны жүргізуге қажетті өзге құжаттарды Kaspi-ге беруге;

3.4.12. Серіктестерге БҚКШ бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін тек қана Kaspi-дің жазбаша келісімімен беруге;

3.4.13. Мобильді қосымшада Шоттар бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар туралы хабарламаларды алу үшін Мобильді қосымшада тиісті функцияны іске қосуға;

3.4.14. Серіктестің атынан әрекет етуге өкілеттіктері жоқ үшінші тұлғаларға, жұмыскерлерге Қосылуға өтініште көрсетілген Серіктестің электрондық поштасының мекенжайына немесе Мессенджеріне, ал олар өзгерген жағдайда – Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен Kaspi-ге хабарланған өзге мекенжайға, Мессенджерге немесе өзге Байланыс арналарына қолжетімділік бермеуге **міндеттенеді**.

4. Жауапкершілік

4.1. Тараптар Серіктестерге БҚКШ-да және Қосымшаларда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны

және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестерге БҚКШ-ға сәйкес жауапкершілік атқарады.

4.2. Kaspi банктік құпияны құрайтын Серіктес туралы ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілік атқарады.

4.3. Kaspi техникалық себептермен (жұмысы Kaspi-ге байланысты емес байланыс желісінің немесе коммуникациялық жабдықтың істен шығуы) немесе үшінші тұлға Операцияны жасаудан бас тарту (соның ішінде Операция жасаудан бас тарту) себебінен Операция жасау мүмкінсіздігі үшін жауапкершілік атқармайды.

4.4. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары: төтенше жағдайдың енгізілуі, су тасқыны, жер сілкінісі және төтенше және осы жағдайларда алдын алуға болмайтын жағдайлардың салдарынан міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.5. Kaspi уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдерінің негізінде Шот бойынша шығыс операцияларының тоқтатылуы және/немесе Шоттағы ақшаға тыйым салынуы нәтижесінде Серіктеске келтірілген шығындар үшін жауапкершілік атқармайды.

4.6. Серіктес Серіктестерге БҚКШ-ға сәйкес Kaspi-ге ұсынылатын құжаттар мен ақпараттың шынайылығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына сай жауапкершілік атқарады.

4.7. Kaspi-дің техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, соның ішінде, егер Серіктес/Пайдаланушы мұндай қызметті Жеке кабинеттің баптауларында ажыратса немесе Мобильді қосымшада тиісті функцияны іске қоспаса (ажыратса), Шот бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар туралы хабарламаларды Серіктеске/Пайдаланушыға берудің мүмкін еместігі үшін Kaspi жауапкершілік атқармайды.

4.8. Серіктес Пайдаланушылардың барлық әрекеті үшін, соның ішінде Пайдаланушылардың құпия және өзге ақпаратты үшінші тұлғаларға ашқаны үшін жауапкершілік атқарады.

4.9. Серіктес ықтимал шығындар және/немесе Серіктестің атынан әрекет етуге өкілеттіктері жоқ үшінші тұлғалардың және/немесе жұмыскерлердің Қосылуға өтініште көрсетілген Серіктестің электрондық поштасының мекенжайына, Мессенджерге, мобильді нөмірге, ал олар өзгерген жағдайда – Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен Kaspi-ге хабарланған өзге мекенжайға, Мессенджерге, мобильді нөмірге қолжетімділік алуының нәтижесінде туындауы мүмкін өзге салдар үшін жауапкершілік атқарады.

5. Дауларды қарау тәртібі

5.1. Тараптар Серіктестерге БҚКШ бойынша туындаған дауларды, қайшылықтар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы (соның ішінде (бірақ мұнымен шектелмей) шағым келтіру жұмыстарын жүргізу, талаптар мен хабарламалар жіберу, хаттармен, электрондық хабарлармен, SMS-хабарлармен, Мессенджерлердегі хабарлармен алмасу, факсимильді байланыс және заңда тыйым салынбаған басқа байланыс құралдарын пайдалану арқылы) реттеу үшін шаралар қолданады. Келіссөздер жүргізуге немесе дауларды, қайшылықтар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешуге мүмкіндік болмаған кезде, олар Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.

5.2. Тиісті Қосымша бойынша Қызмет көрсеткен кезде туындайтын даулы оқиғалар тиісті Қосымшада көзделген тәртіппен шешіледі.

6. Серіктестерге БҚКШ-ны өзгерту және бұзу

6.1. Серіктестерге БҚКШ мерзімсіз қолданылады және кез келген Тарап оны Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен бұзуы мүмкін.

6.2. Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын өзгерту Серіктестерге БҚКШ мен Қосымшаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, қосымша келісімге қол қою арқылы жүзеге асырылады.

6.3. Kaspi Серіктестерге БҚКШ-ның төмендегіге қатысты талаптарын біржақты тәртіппен өзгертеді:

6.3.1. Серіктестерге БҚКШ бойынша алынатын комиссиялардың мөлшерін азайту;

6.3.2. Комиссияны төлеу мерзімін кейінге қалдыру;

6.3.3. Комиссияны төлеу бойынша жеңілдіктер немесе шегерімдер беру және/немесе оларды алып тастау;

6.3.4. Рұқсат етілмеген төлемдерден, алаяқтық әрекеттерден, құпия ақпаратты жария етуден немесе өзге заңға қайшы әрекеттерден қорғайтын қауіпсіздік рәсімдерін күшейту;

6.3.5. Клиентке қызмет көрсетудің қолайлылығын арттыруды көздейтін Қызмет көрсету талаптарын және/немесе тәртібін өзгерту;

6.3.6. Қызмет көрсету тәртібіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгеруіне байланысты Серіктестерге БҚКШ талаптарына өзгерістер енгізу;

6.3.7. Серіктес өзгертілген комиссияны төлеген сәтке дейін Байланыс арналарының бірімен Серіктеске хабарлау арқылы халықаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жасағаны үшін комиссияларды өзгерту;

6.3.8. Серіктестерге БҚКШ-да және Қосымшаларда көзделген өзге жағдайларда.

6.4. Kaspi біржақты тәртіппен өзгерткен Серіктестерге БҚКШ-ның талаптары олар Серіктестің назарына жеткізілген күннен бастап күнтізбелік 5 күн өткенде күшіне енеді.

6.5. Серіктестерге БҚКШ-ның және/немесе оның Қосымшаларының және/немесе Сайтта орналастырылған, Серіктестерге БҚКШ-да және/немесе Қосымшаларда сілтемелері келтірілген өзге құжаттардың талаптарының өзгерістері туралы хабарламалар және өзге хабарламалар Серіктеске Kaspi-дің қалауы бойынша төмендегі тәсілдердің бірімен:

- Қосылуға өтініште көрсетілген Серіктестің электрондық поштасының мекенжайына хабар жіберу;
- ақпаратты Жеке кабинетке орналастыру арқылы;
- ақпаратты Сайтқа орналастыру арқылы;

- ақпаратты Kaspi-дің бөлімшелеріндегі стендтерге орналастыру арқылы;
- және Серіктеске қолжетімді өзге Байланыс арналары арқылы жіберіледі.

Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын өзгертудің/хабарлаудың өзге тәсілдері тиісті Қосымшада көзделуі мүмкін. 6.6. Егер Серіктес өзгерістер күшіне енгізілетін күнге дейін өзгерістерді енгізуден жазбаша бас тартпаса, Серіктестерге БҚКШ-ға, Қосымшаларға өзгеріс екіжақты тәртіппен Тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде, соның ішінде мына тәсілдердің бірімен: осы Серіктестерге БҚКШ-да көзделген Тарифтік жоспарды ауыстыру әрекеттерін жасау, тиісті келісімге қол қою; хаттармен, жеделхаттармен, телефонограммалармен, телетайпограммалармен, факс, электрондық құжаттармен, электрондық хабарлармен, соның ішінде Мессенджерлер арқылы хабарлармен алмасу немесе тараптардың ерік білдіру мазмұнын айқындайтын өзге құжаттармен алмасу арқылы енгізілуі мүмкін немесе заңнамада көзделген өзге қорғаныс әрекеттерінің элементтерімен, атап айтқанда, Растау кодын, ДСН-кодын енгізу арқылы, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда Серіктестерге БҚКШ-ның жаңа талаптарын өзгерту және қабылдау әрекеттерін орындау арқылы, Kaspi-дің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлар алмасу арқылы, өзгерістерді/толықтыруларды, өзгертілген құжаттарды, Тарифтерді немесе жаңа редакциядағы құжаттарды кез келген келесі тәсілмен Kaspi-дің қалауы бойынша: өз қолына беріп, факсимильдік байланыспен, Сайттағы жарияланыммен немесе өзге Байланыс арнасымен жолдап, Серіктестерге БҚКШ-ның өзгерістері туралы Серіктеске өзгерістер енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 күн бұрын хабарлау арқылы куәландырылады. Қызмет көрсету талаптарына өзгерістер енгізудің өзге тәсілі Серіктестерге БҚКШ-ның тиісті Қосымшасында көзделуі мүмкін.

6.7. Егер Серіктес өзгерістермен келіспесе, Серіктестерге БҚКШ-ның әрекеті тиісті бөлімінде тоқтатылады және қолжетімсіз болады немесе Серіктес өзгерістер күшіне енгенге дейін Kaspi-ге хабарлап, Серіктестерге БҚКШ-дан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда мұндай өзгерістер енгізілген болып саналмайды және қолданылмайды. Хабарламада Серіктестің уәкілетті тұлғасы қол қойған және оның мөрімен (бар болса) бекітілген Қосымшаны бұзу туралы хаттың сканерленген көшірмесі қамтылуға тиіс. Бұзу туралы аталған тәртіппен хабарлаған жағдайда, Kaspi енгізген өзгерістер күшіне енген күннен бастап Серіктестерге БҚКШ бұзылады, бұл ретте Серіктес Қосымша бойынша туындаған, бірақ орындалмаған, соның ішінде қызмет ақысын төлеу бойынша барлық міндеттемелерді орындауға міндетті.

6.8. Егер Серіктестерге БҚКШ-ға Kaspi енгізген өзгерістер күшіне енгеннен кейін Серіктес Kaspi-дің қызметтерін пайдалануды жалғастырса, Серіктес барлық өзгерістерді қабылдады деп саналады.

6.9. Қосылуға өтініште көрсетілген Серіктестің атауы және деректемелері өзгерген жағдайда, Серіктес Kaspi-ге осындай өзгерістер туралы Kaspi-дің электрондық поштасына қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін (қажет болған кезде) Kaspi-ге беру арқылы хабарлайды. Kaspi өз деректемелерінің өзгергені туралы Серіктеске осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде Сайтқа тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.

Жеке кабинетте айқындалған Пайдаланушыларды немесе оларға берілген қолжетімділік деңгейін Серіктестің уәкілетті тұлғасы Жеке кабинетте өзгертеді.

6.10. Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысы тоқтатылатын болжамды күнге дейін кем дегенде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын екінші Тарапқа тиісті хабарламаны жазбаша немесе электрондық түрде (мұндай мүмкіндік болса) жіберу арқылы Серіктестерге БҚКШ-ны бұзуға құқылы. Kaspi Business карталары болған жағдайда, Серіктестерге БҚКШ Тараптың бұзу туралы хабарламаны жолдаған күнінен бастап 45 күннің ішінде бұзылады. Бұл ретте Серіктестерге БҚКШ Тараптар Серіктестерге БҚКШ бойынша өздерінің міндеттемелерін орындағаннан кейін, соның ішінде өзара түпкілікті есеп айырысу жүргізгеннен, барлық комиссияларды төлегеннен, Шотты/Шоттарды және/немесе Kaspi Business карталарын жапқаннан кейін ғана бұзылған болып саналады.

6.11. Серіктестерге БҚКШ-ны бұзу туралы хабарлама жіберілген күннен бастап Серіктес Жеке кабинетте және/немесе Мобильді қосымшада Операциялар/Транзакциялар жасауды тоқтатады. Серіктес хабарлама жіберілген күннен бастап Серіктестерге БҚКШ бұзылатын күнге дейінгі кезеңде Операциялар жасаған жағдайда, Серіктес хабарламаны кері қайтарып алған болып саналады және Серіктестерге БҚКШ Kaspi-дің қалауы бойынша ары қарай қолданылады.

6.12. Kaspi-дегі барлық Шоттар жабылған жағдайда, Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысы тоқтатылады және Тараптарда Серіктестерге БҚКШ бойынша орындалмаған міндеттемелер болған жағдайларды қоспағанда, ол бұзылған болып саналады.

6.13. Серіктес Серіктестерге БҚКШ-ның және (немесе) Қосымшалардың талаптарын, сондай-ақ Сайтта орналастырылған және Серіктестерге БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылатын Серіктестердің жұмыс істеу ережесін бұзған жағдайда, Серіктеске Байланыс арналарының бірімен хабарлама жолдаған сәттен бастап күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысы тоқтатылады. Шотта ақша болмаған кезде және (немесе) Шотқа Kaspi-дің не үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары және (немесе) Серіктестің Kaspi-дің алдындағы орындалмаған міндеттемелері болған кезде, Шот(-тар) жабылады. Мұндайлар болған кезде Серіктестерге БҚКШ-ның күші сақталады және орындалуға тиіс.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Тараптар Серіктестерге БҚКШ-ны орындауға байланысты бір-бірімен алмасатын ақпаратты құпия деп санауға және Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарына сай жағдайларды және осындай ақпаратты беру Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес міндетті болатын жағдайларды қоспағанда, оны екінші Тараптың жазбаша рұқсатынсыз жария етпеуге келісті.

7.2. Қосылуға өтінішке қол қоя отырып, Серіктес заңнамаға, соның ішінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Серіктес туралы, соның ішінде зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан Серіктестің зейнетақы жарналары туралы (Серіктес жеке кәсіпкер болса) ағымдағы және кейінгі ақпаратты,

мемлекеттік органдардың, басқа ұйымдардың деректер базасынан және тұлғалардан тікелей және үшінші тұлғалар арқылы салықтық және өзге құпияны құрайтын қаржылық-шаруашылық қызметі туралы ақпаратты алуға келісімін береді.

7.3. Қосылуға өтінішке қол қоя отырып, Серіктес салық берешегі мен әлеуметтік төлемдер бойынша берешегінің жоқ екенін растайды.

7.4. Шарт жасаса отырып, Серіктес Kaspi-ге:

1) Серіктестерге БҚКШ-ны орындау;

2) заңнаманың талаптарын сақтау мақсатында

Серіктестің жұмыскерлері мен өкілдерінің дербес деректерін өңдеу қажет болатынын растап, онымен келіседі.

Аталған мақсаттарға жету үшін Kaspi-ге Серіктестің жұмыскерлері мен өкілдерінің дербес деректерін үшінші тұлғаларға беру қажет болады. Серіктес Kaspi кез келген уақытта сұратуы мүмкін мұндай деректерді Kaspi-ге бермес бұрын өз жұмыскерлері мен өкілдеріне олардың деректерінің өңделетінін хабарлауға және мұндай міндеттеменің орындалғанының дәлелдерін алуға міндеттенеді.

Kaspi өз кезегінде осы тармаққа сәйкес Серіктестің берген дербес деректерінің қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

Серіктес өз өкілдерінің, жұмыскерлерінің алдында Kaspi-ге олардың дербес деректерін берумен байланысты өз әрекеттері үшін, соның ішінде енгізілген деректердің дұрыстығы және енгізілген деректердің үшінші тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарының деректеріне сәйкестігі үшін өз бетінше жауапкершілік атқарады.

7.5. Серіктестің Басшысы немесе заңнаманың талаптарына сай уәкілетті тұлға (бұдан әрі – Басшы) Шартқа, Қосылуға өтінішке және өзге құжаттарға қол қояды. Басшы деп жарғыда айқындалған және/немесе қатысушының/құрылтайшының(құрылтайшылардың) шешімімен тағайындалған және/немесе Kaspi-ге берілген Серіктестің тиісті түрде ресімделген құжаттарына сәйкес өкілеттіктері бар Серіктестің жеке тұлғасы түсініледі.

7.6. Kaspi Серіктеске қағаз жеткізгіште жазбаша түрде хабарламалар жолдаған кезде, Қосылуға өтінішке сай Серіктестің пошталық мекенжайын көрсетеді. Серіктестің пошталық мекенжайының өзгеруі Серіктестерге БҚКШ-ның деректемелерінде көрсетілген Kaspi-дің мекенжайына пошталық байланыспен немесе Байланыс арналары арқылы электрондық түрде хабарлама жолдау арқылы Kaspi-ге жазбаша түрде хабарланады.

7.7. Серіктес Kaspi-дің атына Серіктестің хабарламаларын жазбаша түрде Серіктестерге БҚКШ-ның деректемелерінде көрсетілген мекенжайға жолдайды.

7.8. Серіктестерге БҚКШ мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

8. Kaspi-дің деректемелері

8.1. «Kaspi Bank» АҚ, Қазақстан Республикасы,
050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А»,
Ұлттық Банктегі к/шоты № KZ69125KZT1001300249,
БСК NBRKKZKX, БСН 971240001315,

Kaspi-дің сайты: www.kaspi.kz/business,

Электрондық мекенжайы: business@kaspi.kz.

Call center 2323, жұмыс режимі сағ. 8:00-ден 22:00-ге дейін (ұялы телефоннан Қазақстан бойынша телефон соғу тегін).

* * *